

Ер мерейі – ел мерейі

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

"Жігер" стадионында ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Қ.Б.Қонысбаевтың 50 жылдық мерейтойына орай волейболдан (бас төрешісі С. Бейсенбаев) аймақтық ашық турнир өтті.

Турнирдің салтанатты ашылуында қала әкімінің орынбасары Т.Әубәкіров, қалалық "Дене шынықтыру және спорт" бөлімінің басшысы А.Мәліков, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының проректоры Н.Темірбеков, Аманкелді аудандық спорт бөлімінің басшысы Б.Мусин, ұстазы, Жанкелдин ауданы Қаратүбек орта мектебінің директоры Ғ.Сәдуақасов, спорт ардагерлері Қ.Нұрманов, Қ.Кенжебеков, Арқалық политехникалық колледжінің директоры А.Оспановтар құттықтау сөз сөйлеп, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының, қала әкімінің құттықтау хаттары



тапсырылды.

Қанат Болатұлы Жанкелдин ауданының "Жаркөл" ауылында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі. Ұлағатты ұстаздың жаттықтырушылық жолында Арқалық қаласының ерлер командасы бірнеше мәрте облыс

жеңімпазы болып танылды. Бүгінде шәкірттері Асылбек Желел мен Абай Қабжекен облыстың құрама командасы сапында өнер көрсетеді.

Мерейлі шақта шәкірті Айбек Қалиевтың арнау жырын айтыскер ақын Батырлан Сағынтаев нәшіне келтіре орындап берді.

Турнирге Астана, Қостанай, Арқалық қалаларынан және көршілес Аманкелді, Жанкелдин аудандарынан 9 команда қатысып, Астана қаласының "Төтенше жағдайлар басқармасы" командасы жеңімпаз атанды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ұйымдастырушылар тарапынан грамота, қомақты ақшалай сыйлықтар, кубоктар мен медальдар табыс етілді.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: турнирден көріністер.

Суреттерді түсірген автор.

